

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



**ТҰРҒЫНДАР МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ
НЕНІ БІЛУГЕ ТИІС?**



Астана, 2016 жыл



**МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ
ЖҮЙЕСІ СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗҒА КЕПІЛ БОЛА АЛАДЫ!**

- пенетін адам;
- техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары білім, сондай-ақ резидентура нысанындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқитын адам;
- жұмыссыз ретінде тіркелген адам;
- соттың үкімі бойынша жазасын сот-атқарушылық жүйе мекемелерінде (пенитенциарлық) өтеп жүрген адам (ең төменгі қауіпсіздік мекемелерін қоспағанда);
- уақытша ұстау изоляторында және тергеу изоляторында ұсталатын адам.

Әскери қызметшілер, арнайы мемлекеттік органдардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлері және басқалар жарналардан босатылған, бірақ олар медициналық көмек алуға құқығы бар.

Егер сіз жұмыссыз болсаңыз:

онда Сізге жергілікті жұмыспен қамту орталығына өтініш білдіру қажет және олар сізге жұмысқа орналасу жолдарын ұсынады. Егер сізге қолайлы жұмыс болмаса, онда сізді жұмыссыз ретінде тіркейді. Бұл жағдайда сіз үшін салымды мемлекет төлейді.

I. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы нені білуі қажет:

Медициналық сақтандыру көптеген елдердеде халық үшін, сонымен бірге жұмыс берушілер үшін денсаулық сақтау жүйесінің тиімді модельдерінің бірі ретінде танылған. Ол азаматтарға медициналық көмекті кеңінен алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта 16 европалық мемлекетте, сонымен бірге Түркия мен Жапонияда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі қолданылуда. Дәл осы елдердің медицинасы қазіргі уақытта жоғарғы деңгейде және адамдардың өмір сүру ұзақтығы да жоғары – 80-85 жасқа дейін.

Біздің медицинаны да лайықты деңгейге көтеру қажет, сол себепті Қазақстан Республикасында 2017 жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізіледі. Қазақстан Республикасының барлық сақтандырылған азаматтарының жынысына, жасына, әлеуметтік дәрежесіне, тұрғылықты жеріне және табысына қарамастан медициналық және дәрілік көмекке тең қол жетімділікке кепілдік береді.

II. Медициналық сақтандырудың жаңа жүйесі сізге не береді?

- **Емделудің қолжетімділігі**
Сіз кез-келген мемлекеттік және мемлекеттік емес клиникаларда медициналық көмек ала аласыз. Бұл жерде Сізге медициналық көмектің барлық түрлері көрсетіледі (дәрігердің қабылдауынан бастап, жан-жақты зерттеулер мен қымбат операцияларға дейін). Мұнда кеткен шығындарды Қор төлейді.
- **Сапалы медициналық көмек**
Қор медициналық ұйымдарды іріктеуді өзі қадағалайды. Әр клиника Сізге жоғары білікті медициналық көмек көрсетуге мүдделі болады, себебі Қор ауруханаларға және емханаларға көрсеткен сапалы медициналық қызмет үшін қаражат төлейді және олардың көрсетілуін қатаң бақылайтын болады.
- **Тегін және қол жетімді дәрі-дәрмектер**
Сіздің мемлекет белгілеген ауру түрлері бойынша дәрілік заттарды тегін алуға құқығыңыз бар. Сіз бұл дәрілік заттарды еліміздің кез-келген дәріханаларынан ала аласыз және олар бұл дәрілердің сапасы мен қауіпсіздігіне жауапты. Қор дәріхана қызметтеріне ақы төлеуді өз міндетіне алады.
- **Сіздің құқығыңыз бен мүдденіздің қорғалуы**
Егер Сіз емделген кезде емнің сапасы төмен болса немесе сізді емдеуден бас тартып жатса, онда Сіз Қорға жүгіне аласыз, Қор Сіздің құқығыңыз бен мүдденізді қорғай алады. Сіздің өтінішіңіз бойынша тексерулер жүргізіп, шаралар қолданылады.
- **Өз денсаулығыңыз жайында толық мәлімет ала аласыз**

III. Сіз қандай медициналық көмек түрлерін ала аласыз?

Жаңа электронды денсаулық сақтау жүйесі ұйымдастырылатын болады, осының шеңберінде Сіздің жеке кабинетіңіз болады. Бұл жерде Сіздің емханаға келгеніңіз, стационарда емделгеніңіз, зерттеулер қорытындысы, анализдеріңіз, дәрігерлердің қорытындысы мен ұсыныстары туралы барлық ақпараттар болады.

1. Барлық азаматтар үшін:

- Жедел жәрдем және санитариялық авиация;
- Әлеуметтік маңызы бар аурулар және жедел жағдайлар кезіндегі медициналық көмек; Профилактикалық егулер;
- Амбулаториялық-дәрілік қамтамасыз ету арқылы амбулаториялық-емханалық көмек (2020 жылға дейін).

2. Сақтандырылған азаматтар үшін:

(Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберіндегі медициналық көмек)

- **Амбулаториялық-емханалық көмек:**
 - Емханадағы емдеу;*
 - Дәрігерлердің қабылдауы;*
 - Зертханалық қызметтер;*
 - Диагностика және манипуляциялар;*
- **Стационарлық көмек** – жоспарлы тәртіпте ауруханаларда емдеу;
- **Стационар алмастырушы көмек** – күндізгі стационарда ем қабылдау;
- **Жоғары технологиялық медициналық қызметтер** – күрделі және бірегей медициналық технологияларды пайдалану арқылы орындалатын медициналық көмек;
- **Дәрімен қамтамасыз ету** – амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде;
- **Мейіргерлік күтім** – басынан кешкен аурудың салдарынан өз-өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ, бөгде адамдардың тұрақты күтімін немесе қарауын қажет ететін адамдар;
- **Паллиативті көмек** – емдеуге келмейтін, өміріне қауіпті және ағымы ауыр аурулары бар пациенттердің өмір сүру сапасын адам үшін мүмкін болатын ең жоғары қолайлы деңгейде қолдау.

3. Сақтандырылмаған азаматтар үшін:

- Жедел жәрдем және санитариялық авиация;
- Әлеуметтік маңызы бар аурулар (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті және т.б.) және жедел жағдайлар кезіндегі медициналық көмек;

IV. Қалай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы бола аласыз?

- Профилактикалық егулер.

Егер Сіз немесе жұмыс берушіңіз міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына тұрақты түрде аударым жасап отырсаңыз, онда сіз бұл бағдарламаның қатысушысы болып табыласыз.

Сонымен бірге, объективті себептерге байланысты жұмыс істей алмайтын азаматтар да міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің қатысушысы бола алады. Олар үшін салымдарды мемлекет жүзеге асырады.

Егер Сіз жұмыскер болсаңыз,

онда Сіз жұмыскер ретінде 2019 жылдан бастап айлық еңбекақыдан 1% төлей бастайсыз, ал 2020 жылдан - 2%.

Мысалға, еңбек келісімшартына сәйкес белгіленген және аударылатын Сіздің еңбекақыңыз 50 000 теңгені құрайтын болса, онда жұмыс беруші Сіз үшін 2017 жылы 900 теңгені аударуы қажет, ал Сіз 2019 жылдан бастап айына 450 теңге сомасында аударасыз. Жұмыскердің аударымдары жеке табыс салығынан шегеруге жатқызылады.

Егер Сіз жеке кәсіпкер болсаңыз,

онда 2017 жылы ай сайын әлеуметтік медициналық сақтандыру Қорына Сіздің табысыңыздан 2% аударылуы қажет. 2018 жылы – 3%, 2019 жылы – 5%, 2020 жылдан – 7%.

Мысалға, Сіздің ай сайынғы табысыңыз жеке кәсіпкер ретінде 100 000 теңге болсын. Қорға аударым 2000 теңгені құрайтын болады.

V. Сіздің жарналарыңыздың мөлшері қандай болуы қажет?

Мемлекет Сіз үшін төлейді, егер Сіз

- Ұлы Отан соғысына қатысушы, мүгедек;
- жұмыс істемейтін мүгедек;
- зейнеткер;
- «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Ардақты ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналар;
- жұмыс істемейтін жүкті әйел, сондай-ақ бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін тұлға;
- баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) күтіп-бағу бойынша демалыста жүрген тұлға;
- бала;
- интернат ұйымдарында білім алатын және тәрбие-